

## Дальний ауылдық округінің Қызылтас ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 47 /02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 10 шілдесіндегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 10 тармақшасының негізінде және Осакаров ауданы мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық бас инспекторы Мұратбек Жақыпбайұлы Бейсенбековтың 2015 жылдың 8 қыркүйегіндегі № 02-29/788 ұсынысы негізінде, Қызылтас ауылдық аумағында құтырма ошағын жою бойынша ветеринариялық – санитариялық іс-шаралар комплексінің өтуіне байланысты, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Дальний ауылдық округінің Қызылтас ауылы аумағында белгіленген шектеу іс – шаралары тоқтатылсын.

2. Осакаров аудан әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 33/02 "Дальний ауылдық округінің Қызылтас ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 26 маусымдағы № 3302, болып тіркелген 2015 жылғы 4 шілдедегі № 27 (7459) "Сельский труженик" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Н. Ламбеков*

### "КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы  
Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау  
Комитетінің Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*М. Бейсенбеков*

2015 жылдың 15 қыркүйектегі